



«Жаңа жыл шамшамдары»



«Ботақан» кіші топ

Тәрбиеші: Түлекешова.А

Муз жетекшісі: Даниярбекова.Ж

Шымкент- 2022ж.

Қош келдің, жаңа жыл

Музыка әуенімен балалар залға кіреді.

Жүргізуші: Қайырлы күн қымбатты ата-аналармен қонақтар. Сәлеметсіздер ме? Жаңа жыл барлығымызға бақыт, денсаулық, тыныштық, қуаныш, көңілді көтеріңкі күй сыйласын. Ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

Ал енді балаларымыздың мерекеге арналған әнін қабыл алыңыздар!

Ән «Шырша»

Жүргізуші: Балалар Аяз атамыз көрінбейді ғой, кәне Аяз атаны барлығымыз бірге шақырайық. Аяз ата кел, кел (ЗРЕТ)

Аяз ата: Амансындарма балапандарым! Жаңа жыл мерекесі құтты болсын. Балаларым мен сендерді ұмытқан жоқпын, сендердің дауыстарыңды есітіп, сонау ну орманнан келдім!

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе? Аяз ата жолдан шаршаған бөларсыз мына жерге жайғасып отырыңыз. Біздің балалардың сізге арнаған өлең шумақтарын, билерін, өнерлерін тамашаланыз!

1) Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса,

2) Жаңа жыл, жаңа жыл

Жаңа жылда, жаңа жыр

3) Далада қар борайды,

Ақ мамыкка орайды

4) Безендіріп шыршаны,

Жыл қуантты баршаны!

Аяз ата: Ой жарайсындар, сендердің маған тақпақтарын ұнады!

Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын «Қар жинау»

Жүргізуші: Ой, Аяз ата не деген көңілді ойын бөлды. Енді біздің балаларымыз сізге керемет ән шырқап берсін.

Ән: «Аяз ата»

Жүргізуші: Аяз ата балалардың әні сізге ұнады? Ал енді біздің қыздарымыздың биін тамашаланыздар.



Би «Тәтті қыздарымыз»

Аяз ата: Ой жарайсындар балалар, маған билерін ұнады!

Жүргізуші: Балалар сендерге бір дыбыс естілді ме?

Қандай дыбыс шығып жатыр?

Қоян: Сәлеметсіздер ме, Қонақтар мен балалар?

Жүргізуші: Қоянжан сәлеметсің бе, жай жүрсің бе?

Қоян: Мен сендердің мерекелік әндерінді есітіп, келдім. Мерекеге орай сендерге ойын ала келдім. Олай болса ойын ойнайық.

Жүргізуші: Қоянжан ол қандай ойын екен?

Ойын «Сәбізді себетке жинау»

Аяз ата: Қоянжан сен өте қызықты ойын алып келіпсің, балалар жарайсындар, қоянға сәбіз жинауға көмектеріңді аямадыңдар!

Қане олай болса, балалар менімен бір жақсы көңілді би билегілерін келеді ме?

Би: «Кішкентай Аяз аталар биі»

Жүргізуші: Керемет Аяз ата балаларға жақсы көңіл күй сыйладыңыз. Біздің балаларды сыйлықсыз қалдырмассыз. Көптеген өлеңдер, тақпақтар, билер, ойындар ойнап жатыр.

Аяз ата: Әрине балаларға сыйлығым бар Қоянжан, қоржынымды әкелші қане. Міне менің сендерге сыйлықтарым, балалар апайларың топтарыңа барған соң бере жатар.

Ал енді балалар өздерің сияқты балалар мені күтіп қалды. Маған сендермен болған мерекелік кеш өте қатты ұнады. Келесі кездескенше қош сау болындар. Қоянжан сен менімен бірге жолға серік болып жүре ғой. (Екеуі музыка әуенімен шығып кетеді.)

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі біздің ертеңгілігіміз аяқталды, келіп көрермен болғандарыңызға рахмет!